

"Ең қымбат сый"

Сценарий авторы: А.Тәуекел

БАСТЫ КЕЙІПКЕР: ОҚУШЫ ҚЫЗ АЙДАНА

Негізгі ой: Балаға кітап оқуға деген сүйіспеншілікті дарыту – біз оған жасай алатын ең құнды сыйлық.

КЕЙІПКЕРЛЕР: МЕКТЕП ЗАВУЧЫ, АЙЗЕРЕ, АНАСЫ, КІШКЕНТАЙ БАЛА

1. ИНТ. ҮЙ – ЖАТЫН БӨЛМЕ – КЕШ

Оқушы қыз АЙДАНА (16) ноутбуктің алдында отыр. Экран бетінде "Университетке мотивациялық хат" титулы мен арнайы эссе сұрағы жазылған бос Word парағы ашық. Ол терең ойдың үстінде саусақтарымен пернетақтаны әрі-бері қозғап, не жазарын білмей қиналады. Жоғарғы сөреде шаң басқан кітаптар тұр. АЙДАНА ноутбукті жауып, ұйқыға кетеді.

2. ИНТ. МЕКТЕП – КАБИНЕТ

АЙДАНА парта үстінде құрбысымен күліп отыр. Сабақ басталып, мұғалім кіріп келеді.

МҰҒАЛІМ (кадрдан тыс)

Үйге берілген шығарманы барлығың
оқыдыңдар деген үміттемін.
Қорытынды эссе жұмысын жазамыз.

МҰҒАЛІМ парақтарды таратып шығады. Тапсырманы орындауға таймер қосылады.

АЙДАНА (парақ бетіне ашулы қарап)
Автордың ойын, сезімін болжа
дегені несі? Қайдан білейін
мен, 200 жыл бұрын жазса?

Сыныптағы оқушылар асығып тапсырманы орындауда, ал АЙДАНА парта үстінде ұйықтап қалады. Уақыт өте таймердің шырылына оянып кетеді. Бос парақты өткізіп, шығып кетеді.

3. ИНТ. МЕКТЕП – ЗАВУЧ КАБИНЕТІ

ЗАВУЧ (кадрдан тыс)
Үлгеріміңіз тым нашарлап
бара жатыр. Тілдік гимназияда
оқитыныңызды ұмытпаңыз!
Тағы осындай қылығыңыз
қайталанса – мектептен шығуыңыз
жайлы сөйлесетін боламыз.

АЙДАНА басын салбыратып, жарияланған сөгісті тыңдап тұр.
КРП – қолын жұдырыққа жинайды.

4. ИНТ. ҮЙ – АС БӨЛМЕСІ – КЕШ
АЙДАНА үстелде анасымен сөйлесіп отыр.

АНАСЫ (кадрдан тыс)
Мектептің, менің абыройымды
түсіріп...Ұятқа қалдырдың.
Қалайша оқымайсың?

Шәйнектің қайнаған дауысы шығады. АЙДАНА ұрыстан шаршап,
бөлменің есігін тарс етіп жауып кетеді.

5. НАТ. САЯБАҚ/ЖАҒАЛАУ – КЕШ
АЙДАНА жабырқаулы күйде серуендеп келе жатыр. Кітап
сересіне қолын созып, жете алмай тұрған кішкентай қызды
көреді. Дауысына құлағы шалып, жүзін бұрады.

АЙДАНА
Саған көмек керек пе?

АЙЗЕРЕ басын изейді. АЙДАНА кітапты беріп, кетпек болады.

АЙЗЕРЕ (жалғастырып)
Ренжімесеңіз, маған кішкене
оқып бере аласыз ба?
Мен әлі үйренген жоқпын.

АЙДАНА жанына отырып кітап бетін ашады. Алғашында жазылған
автор сөздеріне тоқтап, іштей ойланады. Кейін қызға

дауыстап оқиғаны оқып береді. АЙЗЕРЕ жымып тыңдайды. Аз үнсіздіктен соң, ол алғысын айтып кітаппен қолында қалады.

6. ИНТ. ҮЙ – ЖАТЫН БӨЛМЕ

АЙДАНА үйіне оралып, оқуға шабыты ашылғанын түсінеді. Сөредегі кітаптарды бір-бірден алып оқи бастайды. Әр шығарманы аяқтаған сайын, кітап сөресі молая түседі.

7. ИНТ. МЕКТЕП – КАБИНЕТ

Кезекті емтихан басталып жатыр. Бұл жолы АЙДАНА өзін сенімді ұстайды. Тапсырманы лезде орындап өткізеді. *Нәтижесі бойынша ол жоғарғы баллды иеленіп, қуанышында шек болмайды.*

8. НАТ. БІТІРУ КЕШІ

Оқушы қыз көптен күткен “Сіз қабылдандыңыз!” дегенді естиді. *АЙДАНА оқуын бітіріп, білікті маман атанады.*

9. ИНТ. ҮЙ

Қыз өз кітабын жазу барысында түрлі идеяларды жинап жүреді. Соңғы қадамды тәмамдап, шығарманың атауын ойластырады.

10. ИНТ. – ФИНАЛДЫҚ КАДР, КІТАПХАНА

Ашық аспан астындағы кітап көрмесінде АЙДАНА бұрын кезіккен кішкентай қызды қайта жолықтырады. Оған қолындағы авторлық кітабын табыстайды.